

ӘДЕБИЕТ

Ғабит Мүсіреповке 110 жыл



Биыл 2012 жылы Нұра аудандық кітапханасы «Оқылым - өмір бейнесі» атты бағдарламасын құрып, түрлі мерекелік шаралар мен кештерді өткізіп келеді. Бұл бағдарлама ұлттымызды рухани жетілдіру мақсатында туындады. Осы бағдарлама аясында ағымдағы жылдың 20 сәуір күні аудандық кітапхананың оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінің кезекті кеші ұлы қазақ жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері, ұлттық драматургия негізін қалаушылардың бірі, аудармашы, тарихшы, әдебиеттанушы, Қазақстан Халық жазушысы Ғабит Мүсіреповтың 110 жыл мерейтойына арналды.

«... Әлі де талай-талай замандар өтеді. Талай-талай толқындар кезекпен ауысып, талай-талай ұрпақтар келеді. Сол кезде халқымыздың осы бір тұстағы бел-белесіне үңілер адам болса, Мүсірепов шығармаларына соқпай кете алмайтыны айдан анық» деп

Сафуан Шаймерденов айтқандай кешке шақырылған мектеп оқушыларына Ғ. Мүсіреповтың өмір жолы мен шығармашылығы туралы түсірілген көркем туындылар көрсетілді. Кешке жиналған қауым жазушының шығармашылығына арналған кітап көрмесін тамашалады. Көрмені тамашалаудан соң оқушылар өздерінің өзек жарды өлең жолдарын ұлы жазушыға арнап, көкейлерінде сақталған сұрақтарымен бөлісті. Арналған кештен еліміздің болашақ жалынды жастары көп мәлімет алып, еркеше әсермен тарқасты.

Әмірхан НАҚЫПОВ